

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 қыркүйекте № 15604 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2020 № ҚР ДСМ-242/2020 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс) бұйрығымен.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 122-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жобаларды басқару департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 8 тамыз

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2017 жылғы 7 тамыздағы
№ 591 бұйрығымен
бекітілген

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 12.08.2019 № ҚР ДСМ-112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Денсаулық туралы кодекс) 7-бабы 1-тармағының 122-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

2. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алуды әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - қор) жүзеге асырады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бірлесіп орындаушы – дерекқорға енгізілген, жасасқан медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін қызметтер беруші азаматтық-құқықтық шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

2) бекітілген халыққа медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі – "Бекітілген халық тіркелімі" (бұдан әрі – БХТ) порталында тіркелген бекітілген халыққа ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде МСАК және (немесе) амбулаториялық-емханалық қызметтер кешенін көрсететін денсаулық сақтау субъектісі;

3) денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру субъектісі (бұдан әрі - ақпараттандыру субъектісі) – денсаулық сақтау саласында ақпараттандыру қызметін жүзеге асыратын немесе құқық қатынастарына түсетін мемлекеттік органдар, жеке немесе заңды тұлғалар;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке меншік медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

6) денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу – көрсетілетін медициналық қызметтерді жоспарлау, таңдау және оларды сатып алу шартын жасасу және орындау;

7) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) жаңадан енгізілетін денсаулық сақтау объектісі – денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарына енгізілген және жаңа немесе қолданыстағы объектіні өзгерту жолымен алғаш рет пайдалануға енгізілген объект;

9) күтпеген шығыстар – тиісті қаржы жылына шығыстарды қалыптастыру кезінде олардың күтілмеуіне байланысты жоспарлау мүмкін болмағанда және тиісті қаржы жылында кейінге қалдырылмай қаржыландыруды талап ететін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдары

жойылғаннан кейін халықтың медициналық қызметтерге қажеттілігінің өсуімен байланысты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша шығыстар мен іс-шараларға төлемді жабу кезеңінде бағытталатын шығыстар;

10) қордың күтпеген шығыстарға арналған резервтері – жабу кезеңінде күтпеген шығыстарды қаржыландыру үшін қордың ағымдағы қаржы жылына көзделген, ай сайынғы негізде қалыптастырылатын қаражат;

11) қор – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

12) қордың активтері - қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергендегі аударымдар және жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімі өтіп кеткендігі үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, қорға түсетін өзге де түсімдер;

13) қордың апелляциялық комиссиясы – ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша туындайтын мәселелерді қарау үшін қор құратын тұрақты жұмыс істейтін орган ;

14) қордың филиалы – қордың тұрған жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі;

15) құжаттың электрондық көшірмесі – құжаттың түпнұсқа түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

16) қызметтер беруші – қор осы Қағидаларға сәйкес медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

17) МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек – қордың активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға ұсынылатын медициналық көмектің көлемі;

18) медициналық көмек – дәрілік көмекті қамтитын, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге, сондай-ақ емделмейтін аурулардың ауыр белгілерін жеңілдетуге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтердің кешені;

19) медициналық көрсетілетін қызметтер – нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар денсаулық сақтау субъектілерінің іс-әрекеті;

20) медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТМҚКК шеңберінде және/немесе МӘМС жүйесінде медициналық көмекті алуға құқығы бар жеке тұлға;

21) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты - мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының басқа жағдайларын айқындайтын жазбаша келісім;

22) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармалары) – денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын, денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ететін, азаматтардың денсаулығын сақтау, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын , денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

23) өндірістік база – Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген лицензияға қосымшаға сәйкес медициналық қызметтер көрсету орны;

24) ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі - көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – қор мен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсетуді қарастыратын денсаулық сақтау субъектілері арасында жазбаша нысандағы келісім;

25) ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары (бұдан әрі – сатып алу жоспары) – сатып алынатын медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдері және оларды ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде көрсетуге арналған шығындар туралы мәліметтерді қамтитын құрылымдалған құжат;

26) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

27) электрондық цифрлық қолтаңба– электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 23.06.2020 № ҚР ДСМ-73/2020 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-1. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы органмен келісім бойынша жергілікті атқарушы орган айқындаған тізбе бойынша COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісінен немесе медициналық емес ұйымнан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қор конкурстық рәсімдерді өткізбей жүзеге асырады.

COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы COVID-19 коронавирусының таралуын алдын-алу және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсету басталған күннен бастап кезеңге қолданылады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.03.2020 № ҚР ДСМ-21/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-бөлім. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

4. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін жоспарлау;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсету үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау;

3) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасу;

4) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау кезеңдерінен тұрады.

1-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемдерін жоспарлау тәртібі

5. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын қалыптастыру кезде медициналық қызметтер көлемін жоспарлауды қор жүзеге асырады.

6. Жоспарлау процесі мынадай:

1) халықтың ТМККК шеңберінде мен МӘМС жүйесінде медициналық көмекке қажеттілігін бағалау;

2) ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін жоспарлау;

3) ТМККК шеңберінде бюджеттік қаражат көлемін және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке ақы төлеу үшін шығындардың болжамды көлемін айқындау;

4) ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын қалыптастыру кезеңдерін қамтиды.

7. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде халықтың медициналық көмекке болжамды қажеттілігін бағалауды қор:

Денсаулық туралы кодекстің 34-бабына сәйкес бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесімен;

"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" ҚР Заңының (бұдан әрі - МӘМС туралы заң) 10-бабына сәйкес бекітілген МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек тізбесімен айқындалған медициналық көмек түрлеріне, нысандарына, медициналық қызмет түрлеріне сәйкес жүргізеді.

8. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде халыққа медициналық көмекке болжамды қажеттілігін бағалау кезінде:

1) халықтың, оның ішінде МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар халықтың саны, тығыздығы, жыныстық-жастық құрамы;

2) денсаулық сақтау саласындағы жалпы мемлекеттік статистикалық бақылау және ведомстволық статистикалық бақылау деректері;

3) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көрсетілген денсаулық сақтауды дамытудың нысаналы индикаторлары, нәтиже көрсеткіштері мен басымдықтары;

4) халықаралық тәжірибе;

5) эпидемиологиялық зерттеу нәтижелері;

6) уәкілетті органның және (немесе) денсаулық сақтау басқармаларының ұсыныстары;

7) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау объектілері желісін қайта ұйымдастыру, төсек қорын ашу, қысқарту, қайта бейіндеу бойынша актілері;

8) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарлары;

9) алдыңғы жылдары медициналық көрсетілетін қызметтерді нақты тұтынуы ескеріледі.

Халықтың ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке қажеттілігін бағалау үшін ақпараттық жүйелерде деректер болмаған жағдайда қор тиісті органдар, ұйымдар мен денсаулық сақтау субъектілеріне сұрау салу жібереді.

9. ТМККК шеңберінде бюджет қаражатының көлемін анықтауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Қор сәйкес қаржы жылына арналған жоспарланған бюджет қаражатының шеңберінде бюджеттік қаражатты ТМККК кіретін медициналық көмектің формалары, түрлері, медициналық қызметтің түрлері бойынша әзірлейді.

10. МӘМС жүйесінде медициналық көмекке шығындардың болжамды көлемі қордың күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервін шегергенде МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге арналған қор активтерінің мөлшері шегінде айқындалады.

МӘМС жүйесінде медициналық көмекке ақы төлеуге арналған шығындардың болжамды көлемін айқындау тиісті қаржыландыру жылына арналған шығындардың болжамды көлемі шеңберінде оны ұсыну түрлері мен нысандары бойынша және:

1) халықтың демографиялық болжамын;

2) макроэкономикалық көрсеткіштер болжамын;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорға жарналары мен аударымдарын төлеу жүзеге асырылатын адамдардың саны туралы ақпарат ескере отырып жүзеге асырылады.

11. Медициналық көрсетілетін қызметтерге шығындардың көлемдерін есептеу Денсаулық туралы кодекстің 223-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша, оның ішінде олардың жоспарланатын қайта қарауын еске алып, жүргізіледі.

Қор ағымдағы жылғы 1 мамырға дейін ТМККК шеңберінде бюджет қаражатының көлемі және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке жұмсалатын шағынның болжамды көлемі бойынша жобаны уәкілетті органға енгізеді.

12. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде жоспарланған медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдері жоспарланатын бюджет қаражатына және тиісті қаржыландыру жылына арналған шығындардың болжамды көлеміне сәйкес келмеген жағдайда көлемдерді бөлу:

- 1) денсаулық сақтауды дамытудың басым бағыттарын;
- 2) қордың нысаналы көрсеткіштерін;
- 3) халықтың медициналық көмекке қажеттілігін бағалауды;
- 4) уәкілетті органның және денсаулық сақтау басқармаларының ұсыныстарын ескере отырып жүргізіледі.

13. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу жоспарын қалыптастыруды қор уәкілетті органның келісімі бойынша медициналық көмектің жоспарланған көлемінің негізінде ТМККК шеңберінде медициналық көмекке ақы төлеу үшін бюджет қаражаты шығыстарының көлемі және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке арналған шығындардың болжамды көлемінің шеңберінде жүзеге асырады.

14. Сатып алу жоспары мынадай мәліметтерді қамтиды:

ТМККК-да және МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек тізбесінде көзделген медициналық көмек түрі, нысаны;

сатып алынатын қызметтердің жоспарланған көлемі;

ТМККК шеңберінде бюджеттік қаражаттың жоспарланған көлемі және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке ақы төлеуге арналған шығындардың болжамды көлемі.

15. Қор алдыңғы жоспарланған кезеңнің алдындағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей уәкілетті органға келісуге сатып алу жоспарының жобасын жібереді.

16. Уәкілетті орган сатып алу жоспарын келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды және оны қарау қорытындылары туралы қорды хабардар етеді.

17. Ескертулер болған кезде қор күнтізбелік бес күннің ішінде сатып алу жоспарының жобасын пысықтайды және оны уәкілетті органға келісу үшін қайта жібереді.

18. ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарларын қор жыл сайын бекітеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қор ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде мынадай:

- 1) қордың ақы төлеуіне арналған қаражат мөлшерін МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілген қызметтеріне ақы төлеуге арналған қор активтерінің қызметтерді көрсеткені үшін сатып алу жоспарында көзделген

МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындардың нақты және болжамды көлемдеріне сәйкес келмеген;

2) қор резерві күтпеген шығыстарға бөлінген;

3) босаған қаражат ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алуға бөлінген;

4) тарифтердің, түзету коэффициенттерінің, науқастар санының және қызметтерді орналастыруға негіз болып табылатын басқа да деректердің өзгеруіне байланысты ТМККК шеңберінде медициналық көмекке ақы төлеуге арналған бюджет қаражатының көлемдері мен МӘМС жүйесінде медициналық көмекке арналған шығындардың болжамды көлемі өзгерген;

5) уәкілетті орган ТМККК шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында бұрын көзделмеген ТМККК шеңберінде медициналық көмекке ақы төлеу үшін бюджет қаражатының қосымша көлемін бөлген;

6) медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін және медициналық қызметтердің көлемін болжамды орындау бойынша қаржы міндеттемелерін орындауды салыстыру, шарттық міндеттемелердің сапасын және көлемі бойынша орындалуын мониторингілеу нәтижелері бойынша медициналық көрсетілетін қызметтер көлемі өзгерген;

7) ТМККК шеңберінде медициналық көмекке ақы төлеу үшін бюджет қаражатының көлемі бөлінген (қайта бөлінген) және МӘМС жүйесінде медициналық көмекке шығындар көлемі бөлінген (қайта бөлінген);

8) медициналық көмек түрлері, нысандары мен медициналық қызмет түрлерінің атауларына өзгерістер енгізілген және қайта аталған, жойған немесе қосқан;

9) сатып алынатын қызметтер көлемі мен тізбесі өзгерген;

10) жаңадан енгізілетін денсаулық сақтау объектілерінің пайда болған жағдайларда медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а . 23.06.2020 № ҚР ДСМ-73/2020 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 19-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда уәкілетті органға келісім бойынша жүзеге асырылады.

Қор осы Қағидалардың 19-тармағының 1), 3), 4), 6) -10) тармақшаларында көзделген жағдайларда уәкілетті органға хабарлама жіберілген күннен бастап бес

жұмыс күні өткеннен кейін және осы көрсетілген кезеңде түскен ескертулер болмаса медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер енгізеді.

21. Қор ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек тізбелерін қалыптастыру бойынша ұсыныстарды жыл сайын әзірлейді және оларды уәкілетті органға жібереді.

2-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсету үшін қызметтер берушілерді таңдау тәртібі

22. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсету үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызмет көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын қалыптастыруды;

2) денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және олардың арасында медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссия құруды;

3) денсаулық сақтау субъектілерін таңдауды және ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыруды қамтиды.

1-параграф. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын қалыптастыру тәртібі

23. Қор дерекқорды қалыптастыруды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізу үшін денсаулық сақтау субъектілері ұсынған өтінімдердің (бұдан әрі - өтінім) негізінде тұрақты түрде жүзеге асырады.

24. Өтінім қағаз түрінде түзетулер мен шимайсыз тігілген және нөмірленген түрде беріледі, бұл ретте соңғы парағы басшының немесе оның сенімді адамының қолтаңбасымен куәландырылады және денсаулық сақтау субъектісінің

– қордың ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектісі халқына қызмет көрсетуге үміткер өңір бойынша филиалының мөрімен (бар болса) бекітіледі.

25. Электрондық түрдегі өтінім денсаулық сақтау субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

26. Денсаулық сақтау субъектілері өтінімге мынадай құжаттарды қоса береді:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (анықтаманы) (жеке тұлғалар үшін);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлға үшін);

3) денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасы немесе оның өкілдігі, филиалы (қатысуға өтінімді өкілдік, филиал берген кезде) орналасқан орны бойынша медициналық қызметпен айналысуға лицензиялардың және тиісті медициналық қызметтерді көрсету құқығын растайтын оларға қосымшалардың көшірмесін;

4) ақпараттандыру субъектісінің денсаулық сақтаудың қажетті ақпараттық жүйелеріне қолжетімдікті одан әрі денсаулық сақтау субъектісіне ұсынуы үшін денсаулық сақтау субъектісінің басшысы қол қойған қатысуға арналған өтінімге қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін жүргізуге уәкілетті жауапты адамдар туралы мәліметтер.

27. Қор денсаулық сақтау субъектілері өтінім берген күннен бастап күнтізбелік үш күнінің ішінде оларды осы Қағидалардың 23-26-тармақтарының талаптарына сәйкестігі мәніне қарайды.

Осы Қағидалардың 23-26-тармақтарының талаптарына сәйкес келген жағдайда қор денсаулық сақтау субъектісін дерекқорға енгізеді.

Денсаулық сақтау субъектісін дерекқорға енгізу денсаулық сақтау субъектісінің осы Қағидалардың талаптарын сақтауға келісімін білдіруі болып табылады.

Осы Қағидалардың 23-26-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қор денсаулық сақтау субъектісін дерекқорға енгізуден бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің деректерін дерекқорға енгізуге арналған өтінімдерді қағаз немесе электрондық құжат түрінде қабылдамайтыны туралы денсаулық сақтау субъектілеріне хабарламаны жібереді.

28. Өтінімдерді қағаз түрінде қабылдаған жағдайда қор осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің

дерекқорына енгізу үшін өтінімдерді тіркеу журналында (бұдан әрі – өтінімдерді тіркеу журналы) өтінімдерді тіркейді.

Өтінімдерді тіркеу журналы тігіледі, нөмірленеді және мөрмен және қор (филиал) басшысының қолтаңбасымен бекітіледі.

29. Электрондық түрдегі өтінімдерді тіркеу журналында өтінімдерді электрондық түрде тіркеген жағдайда қатысуға өтінімдерді тіркеу тікелей нөмірленумен бірегей кодты бере отырып жүргізіледі. Бұл ретте бірыңғай нөмірлеу қағаз түрінде, сондай-ақ электрондық форматтарда жүргізіледі.

30. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын қор кейіннен қордың интернет-ресурсында орналастыра отырып, қағаз немесе электрондық түрде қалыптастырады.

31. Дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері туралы ақпаратты алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде ақпараттандыру ұйымы ұсынатын денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне ("Ресурстарды басқару жүйесі" және "Медициналық техниканы басқару жүйесі" ақпараттық жүйелеріне – барлық денсаулық сақтау субъектілері; қосымша БХТ порталына – медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері) қолжетімділік алады.

Денсаулық сақтау субъектілері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген денсаулық сақтау саласының ақпараттық жүйелеріне өзінің деректерін оларға қолжетімдік алған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде енгізеді, сондай-ақ деректерді өзекті күйінде тұрақты негізде ұстап тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа жұмыс жасау үшін денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне қажетті қолжетімділікті қормен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектілері мен олардың бірлесіп орындаушылары алады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Дерекқорды өзектендіруді осы Қағидалардың 23-31-тармақтарына сәйкес деректерді енгізу, алып тастау, жаңарту үшін денсаулық сақтау субъектілері берген өтінімдерге сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырады.

33. Қор мынадай:

1) денсаулық сақтау субъектісін таратқан, қайта ұйымдастырған жағдайда (қажет болған жағдайда);

2) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын қор біржақты тәртіппен, оның ішінде қызмет көрсетушілердің оның талаптарын орындамауы, уақтылы немесе тиісті орындамауы салдарынан бұзған жағдайда;

3) денсаулық сақтау субъектісінің бастамасы бойынша;

4) дерекқордағы мәліметтерді өзгерткен жағдайларда денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын өзгертуді (өзектендіру) жыл бойы тұрақты негізде жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3), 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда өзгерістер денсаулық сақтау субъектісінің хатының негізінде, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларда – қор шешімінің негізінде енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша дерекқордан алып тасталған қызметтер беруші тиісті медициналық көмек түрлері және (немесе) нысандары бойынша дерекқордан алып тасталған күннен бастап бір жыл бойы дерекқорға енгізілмейді.

2-параграф. Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және олардың арасында медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссияны құру тәртібі

34. Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және олардың арасында медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін қор:

1) республикалық комиссияны;

2) өңірлік комиссияны құрады.

35. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды.

36. Комиссия құрамы қордың шешімімен:

1) қордың;

2) республикалық комиссияның құрамына енгізу үшін уәкілетті органның;

3) өңірлік комиссияның құрамына енгізу үшін денсаулық сақтау басқармасының;

4) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) және (немесе) медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мен денсаулық сақтау субъектілерінің немесе медицина қызметкерлерінің мүддесін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі - ҮЕҰ);

5) өңірлік комиссияның құрамына енгізу үшін медициналық қызметтердің сапасына сыртқы сараптама жүргізу функциясын жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің;

6) ақпараттандыру субъектісінің өкілдері қатарынан құрылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) - 6) тармақшаларында көрсетілген өкілдер келесі қаржы жылына арналған комиссияның құрамын қалыптастыру үшін қордан сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде ресми хатпен кандидатураны ұсынады.

Комиссия құрамына енгізу және осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) - 6) тармақшаларында көрсетілген өкілдер арасынан жыл ішінде комиссия құрамынан мүшелерді шығару комиссия мүшесін ұсынатын ұйымның жазбаша растауы негізінде жүзеге асырылады.

Шешім қабылдауға құқығы бар және сатып алуға үміткер денсаулық сақтау субъектісінің құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын комиссия мүшесі аталған денсаулық сақтау субъектісінен өтінімдер келіп түскен таңдау рәсіміне қатысу кезінде алып тастау туралы жазбаша түрде өтініш ұсынады.

37. Комиссия төрағасы және комиссия төрағасының орынбасары қордың лауазымды адамдары болып табылады.

Комиссия төрағасы комиссияның қызметін басқарады, жұмысты жоспарлайды.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

38. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін қордың қызметкерлері қатарынан қордың шешімімен бекітілетін хатшы қамтамасыз етеді. Комиссияның хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешім қабылдаған кезінде оның дауыс беруге құқығы жоқ.

39. Комиссия хатшысы комиссия мүшелерін отырыстың өткізілетіні туралы комиссияның отырысын өткізу күнінен кемінде күнтізбелік үш күн бұрын жазбаша (электронды) түрде хабардар етеді.

40. Комиссияның шешімі, егер шешім қабылдауға оның құрамына кіретін мүшелердің үштен екі бөлігі қатысса, заңды болып есептеледі.

Комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді. Комиссия хаттамаларына отырысқа қатысқан Комиссия төрағасы, Төрағаның орынбасары және комиссияның барлық мүшелері қол қояды және әрбір бетіне қолтаңбасын түсіреді.

Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және комиссияның қатысқан мүшелерінің жай көпшілігі дауыс берген болса, қабылданған деп есептеледі.

Дауыстар тең бөлінген жағдайда, комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын адамның даусы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшесі конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі жазбаша түрде ұсынылатын ерекше пікір білдіруге құқылы.

41. Комиссия мүшесі қатарынан үш рет комиссияның отырысына қатыспаған жағдайда, қор тиісті өкілдікке басқа кандидатурамен алмастыру туралы ұсыныс енгізеді.

3-параграф. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау тәртібі

42. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдауды комиссия осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілгенді қоспағанда, дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында жүзеге асырады.

42-1. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру қағаз нысанда немесе ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың электрондық қызметтеріне бірыңғай қолжетімдік нүктесін білдіретін сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемі мынадай:

1) уәкілетті органның шешімі бойынша пилоттық жобалар іске асырылған;
2) дерекқорға енгізілген, жаңадан енгізілетін денсаулық сақтау объектісі бар және осы Қағидалардың нормаларына сәйкес келетін денсаулық сақтау субъектісінің қызметтерін сатып алуға алғашқы қатысқан;

3) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес қайта ұйымдастырылатын медициналық қызметтерді сатып алу шартын жасаған денсаулық сақтау субъектісі қормен медициналық қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісіне міндеттемелерінің құқық мирасқорлығы жағдайларында денсаулық сақтау субъектісін қайта ұйымдастырған;

4) МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісіне бекітілген халықтың саны ұлғайған және (немесе) жастық-жыныстық құрылымы өзгерген;

5) кешенді тариф бойынша немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша төленетін медициналық көмек көрсеткен кезде науқастардың саны өскен;

6) амбулаториялық-емханалық көмектің жан басына шаққандағы кешенді нормативіне кіретін қызметтердің немесе қаражаттың, сондай-ақ ақы төлеуі кешенді тариф бойынша немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылатын, нақты шығындар бойынша төленетін қызметтердің көлемі ұлғайған;

7) бюджет қаражатының есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелде және шетелдік мамандарды тарта отырып шеберлік класс шеңберінде отандық медициналық ұйымдарында медициналық көмек көрсетуге қызметтерді сатып алған;

8) 2010 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі – Үкімет аралық келісім) сәйкес Ресей Федерациясының федералдық медициналық ұйымдары Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешені ресей ұйымдарының жұмыскерлері болып табылмайтын, сондай-ақ "Байқоңыр" кешені аумағында уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматтарына қызметтерді көрсеткен жағдайларда сатып алу жоспарының шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін тандау рәсімдерін өткізбей орналастырылады.

9) COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсету.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін комиссияның шешімі негізінде орналастырады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.03.2020 № ҚР ДСМ-21/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – 23.06.2020 № ҚР ДСМ-73/2020 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

44. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың көлемі:

1) Денсаулық туралы кодекстің 23-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бұдан әрі – уәкілетті орган бекіткен тариф) өзгерген;

2) уәкілетті органның шешімі бойынша нысаналы сипаттағы шығындарға, оның ішінде дәрілік заттарды сатып алуға, жұмыскерлердің жалақысын арттыруға бюджет қаражатының көлемін бөлген жағдайларда сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдерін өткізбей орналастырылады.

3) COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсетілген жағдайларда жүргізіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.03.2020 № ҚР ДСМ-21/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Алдағы қаржы жылына арналған дерекқордан ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау жыл сайын жүргізіледі және мынадай дәйекті кезеңдер жиынтығынан тұрады:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

дерекқорға енгізілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) субъектілерінің қатысуымен бекіту науқанын өткізу және комиссияның (МСАК медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде) бекіту науқанының қорытындысын шығаруы;

қордың дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМҚКК және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсімдерін жүргізу туралы хабарландыру арқылы хабардар етуі;

денсаулық сақтау субъектілерінің, оның ішінде МСАК субъектілерінің қорға осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып мәлімделген кезеңге ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдеріне өтінімдерді (бұдан әрі – жоспарланатын көлемдерге өтінім) беруі;

комиссияның жоспарланған өтінімдерді МӘМС туралы заңның 34-бабының 3-тармағында, осы Қағидалардың 48-50 және 52-53-тармақтарында көрсетілген талаптарына сәйкестігіне қарау;

МӘМС туралы заңның 34-бабының 3-тармағында, осы Қағидалардың 48-50 және 52-53-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келтірілген жоспарланған көлемдерге өтінімдерді қайта қабылдау және тіркеу;

денсаулық сақтау субъектілеріне ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыруға рұқсат беру;

2) екінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

өтінімдерді қайта қабылдағаннан кейін комиссияның денсаулық сақтау субъектілері ұсынған өтінімдерді қарауы;

ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру және медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамаға қол қою;

медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасының негізінде денсаулық сақтау субъектілерімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу;

ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын орындау.

46. МСАК медициналық көрсетілетін қызметтерін сатып алу кезінде ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде МСАК медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру дерекқорға енгізілген МСАК субъектілерінің қатысумен алдыңғы қаржы жылындағы 15 қыркүйек пен 15 қараша аралығында жыл сайын бекіту науқанын (бұдан әрі – бекіту науқаны) өткізуді қамтиды, онда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығымен бекітілген Азаматтарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11268 болып тіркелген) МСАК медициналық қызметін көрсету жүзеге асырылады.

Қор бекіту науқаны басталардан үш жұмыс күні бұрын бекіту науқанының басталуы және оны өткізу мерзімі туралы ақпаратты қордың интернет-ресурсына орналастырады. Бекіту науқанының басталуы туралы ақпарат сонымен қатар уәкілетті орган мен денсаулық сақтау басқармаларының интернет-ресурстарында да орналастырылады.

Бекіту науқанының қорытындылары "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 284 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11231 болып тіркелген) (бұдан әрі – Желінің мемлекеттік нормативі) бекітілген денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкес бекіту науқанына қатысқан МСАК-тың әрбір субъектісіне ақпараттандыру субъектісі растаған БХТ порталында бекітілген халық саны туралы деректердің негізінде бекіту науқаны аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне халықты бекіту науқанын өткізу қорытындысы туралы хаттама (бұдан әрі – бекіту науқаны қорытындысының хаттамасы) түрінде қалыптастырылады.

Комиссия денсаулық сақтау басқармасының халыққа қызмет көрсету аумағын бөлу туралы бұйрығының негізінде бекіту науқанынан тыс жаңадан енгізілетін МСАҚ объектілері бар және дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілеріне халықты бекіту бойынша шешім қабылдайды және осы шешімді комиссияның хаттамасы түрінде рәсімдейді.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а . 23.06.2020 № ҚР ДСМ-73/2020 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Қор осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қордың интернет-ресурсында немесе веб-порталында тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсімдерін өткізу туралы хабарландыруды (бұдан әрі – хабарландыру) орналастырады.

Денсаулық сақтау басқармалары өздерінің интернет-ресурстарында қордың ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыруды жүргізіп жатқаны туралы хабарлайды.

Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Денсаулық сақтау субъектілері, оның ішінде МСАҚ субъектілері қорға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдеріне өтінімдерді осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып мәлімделген кезеңге медициналық көмек нысандары мен түрлері бойынша өтінімдерді (бұдан әрі – жоспарланатын көлемдерге өтінімдер) береді.

48-1. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін веб-портал арқылы орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде жоспарланып отырған көлемдерге өтінімдерді денсаулық сақтау субъектілері қорға веб-портал арқылы береді.

Денсаулық сақтау субъектілері веб-порталдың жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімдерді ашу мерзімі өткенге дейін көрсетілген өтінімді және осы Қағидалардың 49-тармағында көзделген құжаттарды денсаулық сақтау субъектісінің бірінші басшысының немесе уәкілетті адамының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық түрде веб-портал арқылы ұсынады.

Жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімдер веб-порталдың тиісті хабарламаны өтінім берген денсаулық сақтау субъектісіне автоматты түрде жіберу сәтінде қабылданған болып есептеледі.

Ескерту. 48-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

2) жеке куәліктің немесе тәлқұжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заң) сәйкес жоспарланып отырған көлемдерге өтінім берілген оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша медициналық қызметке лицензияның және оған қосымшаларының көшірмесі;

4) иондалатын сәулеленуді өндіретін құралдар мен қондырғыларды пайдалануға берілген лицензияның көшірмесі (қажет болған жағдайда Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес);

5) денсаулық сақтау саласында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі (қажет болған жағдайда Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес);

6) фармацевтикалық қызметке арналған лицензияның көшірмесі (қажет болған жағдайда Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес);

7) еркін нысанда құрылтайшы (-лар) туралы мәліметтер (бар болса);

8) бағалы қағаздардың бірыңғай тізілімінен үзінді көшірме (акционерлік қоғамдар үшін);

9) сенімгерлік басқару шартының көшірмесі (бар болса);

10) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асыратын денсаулық сақтау субъектілері үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының көшірмесі (бар болса);

11) аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

12) жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімді берген сәтке дейін бес жұмыс күнінен бұрын емес мерзіммен берілген салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен МӘМС-ке аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқтығы (бары) туралы мәліметтер;

13) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ -145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14) жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша "Жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 12 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14868 болып тіркелген) берілген денсаулық сақтау субъектісінің жоғары технологиялық медициналық қызметтерді (бұдан әрі – ЖТМҚ) ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесі (ЖТМҚ көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері үшін);

15) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін қажетті кадрлық ресурстардың болуы туралы мәліметтер;

16) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жоспарланға, медициналық қызметтердің көлемдеріне арналған өтінімде көрсетілген медициналық көмекті ұсыну түрлері мен нысандары бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер;

17) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін қажетті медициналық техниканың болуы туралы мәліметтер;

18) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төсек орын қуаттылығы және бейінді бөлімшелердің болуы туралы мәліметтер (стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері үшін);

19) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ -145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат

құжаттамасы (бірінші рет өтінім берген субъектілер, сондай-ақ өндірістік қуатын ұлғайтқан немесе соңғы жыл ішінде медициналық қызмет көрсету бейінін өзгерткен денсаулық сақтау субъектілері үшін);

21) тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау және тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесіне денсаулық сақтау субъектісін қосу туралы уәкілетті орган шешімінің көшірмесі (тиісті медициналық қызметтерді көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері үшін);

22) басшының міндетін атқарушыға арналған бұйрықтың көшірмесі (басшыны алмастырған кезде) (өтінім қағаз түрінде берілген кезде);

23) сенімхаттың түпнұсқасы (басшының сенім білдірген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда) (өтінім қағаз түрінде берілген кезде).

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Денсаулық сақтау субъектілерін қағаз нысанда таңдаған жағдайда жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінім тігілген және нөмірленген түрде беріледі, бұл ретте соңғы беті басшының немесе оның сенім білдірген адамының қолымен расталады, денсаулық сақтау субъектісінің мөрімен (бар болса) бекітіледі.

Денсаулық сақтау субъектісі берген, басшысының немесе оның сенімді адамының қолымен расталған және мөрімен бекітілген (бар болса) өтінімді беру құқығына берілген сенімхаттың негізінде денсаулық сақтау субъектісінің сенім білдірілген адамы өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды беруіне рұқсат етіледі.

Денсаулық сақтау субъектісі қажет болған жағдайда жоспарланатын көлемдерге өтінімін оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін жазбаша түрде қайтарып алады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін веб-портал арқылы орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде денсаулық сақтау субъектісі қажет болған кезде өзінің өтінімін оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50-1. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін веб-портал арқылы орналастыру үшін

денсаулық сақтау субъектілерін таңдау жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімдерді ашу автоматты түрде жүргізіледі.

Веб-портал комиссия мүшелеріне, жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімдер берген денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілген өтінімдердің ашылғаны туралы автоматты түрде хабарламалар жібереді.

Ескерту. 50-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Өтінімдерді қағаз нысанда қабылдаған жағдайда қор тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлеміне өтінімдерді тіркеу журналында осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімдерді тіркеуді жүзеге асырады.

Жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді тіркеу журналы күнтізбелік жылға жүргізіледі, тігіледі, нөмірленеді және қордың (филиалдың) мөрімен бекітіледі.

Қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен жоспарланатын көлемдерге өтінім қаралмайды.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Республикалық комиссияға жоспарланып отырған көлемдерге арналған өтінімді ЖТМҚ көрсетуге үміткер және дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері береді.

53. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыруға үміткер денсаулық сақтау субъектілері ЖТМҚ қоспағанда, өңірлік деңгейде қызмет көрсету үшін өндірістік базаның орналасқан жері бойынша өңірлік комиссияға жоспарланып отырған көлемдерге өтінім береді.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы денсаулық сақтау субъектілері жоспарланған көлемдерге өтінімдерді жергілікті атқарушы органдардың өңірлік комиссиясына өндірістік базаның орналасқан жеріне қарамастан береді.

54. Комиссияның ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыруы осы Қағидаларға сәйкес дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілерінің арасында медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру кезінде жергілікті атқарушы органдардың медициналық көмектің түрлері мен нысандары бойынша жаңа

қызметтер берушілердің қызметтеріне қажеттілігі (қажеттілігінің жоқтығы) туралы ұсыныстары ескеріледі.

55. Комиссия жоспарланатын қызметтерге өтінімдерді қарайды және оларды мынадай:

1) осы Қағидалардың және (немесе) хабарландыру талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер ұсынылған;

2) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен МӘМС-ке аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқтығы (бары) туралы мәліметтерді ұсынбау немесе қорға өтінімді берген кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктіріп ұсынған;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтама көшірмесі ұсынбаған (заңды тұлғалар үшін);

4) еркін нысанда құрылтайшы (-лар) туралы мәліметті ұсынбаған (ол (олар) нақты болған кезде);

5) бірыңғай бағалы қағаздар тізілімінен үзінді көшірмені (акционерлік қоғамдар үшін) ұсынбаған;

6) жеке куәліктің немесе төлқұжаттың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін) ұсынбаған;

7) Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес жоспарланып отырған көлемдерге өтінім берілген оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша медициналық қызметке лицензияның және оған қосымшаларының көшірмесін ұсынбаған;

8) иондалатын сәулеленуді өндіретін құралдармен және қондырғыларды пайдалануға берілген лицензияның көшірмесін ұсынбаған (қажет болған кезде Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес);

9) денсаулық сақтау саласында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналысымен байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесін (қажет болған кезде Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес) ұсынбаған;

10) фармацевтикалық қызметке лицензиялардың көшірмелерін ұсынбаған (қажет болған кезде Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес);

11) сенімгерлік басқару шартының көшірмесін ұсынбаған (нақты болған кезде);

12) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асыратын денсаулық сақтау субъектілері үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының көшірмесін ұсынбаған (нақты болған кезде);

13) жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша денсаулық сақтау субъектісінің ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесін ұсынбаған;

14) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін қажетті кадрлық ресурстардың болуы туралы мәліметті ұсынбаған;

15) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қатысуға арналған өтінімде көрсетілген медициналық көмекті ұсыну түрлері мен нысандары бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыс тәжірибесі туралы мәліметті ұсынбаған ;

16) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін қажетті медициналық техниканың болуы туралы мәліметті ұсынбаған;

17) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төсек-орын қуаттылығы және бейінді бөлімшелердің болуы туралы мәліметтерді ұсынбаған (стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмекті көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері үшін);

18) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатын ұсынбаған (бірінші рет өтінім берген субъектілер, сондай-ақ өндірістік қуатын ұлғайтқан немесе соңғы жыл ішінде медициналық қызмет көрсету бейінін өзгерткен денсаулық сақтау субъектілері үшін);

19) тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу , дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау және тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесіне денсаулық сақтау субъектісін қосу туралы уәкілетті орган шешімінің көшірмесін ұсынбаған (тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау бойынша денсаулық сақтау субъектілер үшін);

20) аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесін (ол нақты болған кезде) ұсынбаған;

21) басшының міндетін атқарушыға арналған бұйрықтың көшірмесі ұсынылмаған (басшыны алмастырған кезде) (өтінім қағаз түрінде берілген кезде) ;

22) сенімхаттың түпнұсқасы ұсынылмаған (басшының сенім білдірген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда) (өтінім қағаз түрінде берілген кезде) жағдайларда жояды.

Комиссияның жоспарланып отырған көлемдерге өтінімдерді және оған қоса берілген құжаттарды осы Қағидалардың 48-50 және 52-53-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігіне қарау қорытындылары бойынша жоспарланған отырған көлемдерге арналған өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасы (бұдан әрі – сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасы) жасалады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін денсаулық сақтау субъектілеріне қор аталған хаттамадан үзіндіні оған қол қойған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін веб-портал арқылы орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасының орналастырылғаны туралы денсаулық сақтау субъектілеріне автоматты түрде хабарлама жіберіледі.

Комиссия ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсіміне жіберу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін денсаулық сақтау субъектілеріне қордан хаттамадан үзінді көшірмені алған немесе сәйкестік (сәйкес келмеуі) хаттамасы веб-порталға орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жоспарланған көлемдерге арналған өтінімдерді және оған қоса берілген құжаттарды осы Қағидалардың 48-50 және 52-53-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Егер қайта ұсынылған өтінім және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар осы Қағидалардың 48-50, 52-53-тармақтарына көрсетілген талаптарға қайтадан сәйкес келмесе, онда өтінімдер осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемдерін орналастыру қорытындылары хаттамасына қосу арқылы кері қайтарылады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Комиссия МСАК субъектілеріне алдағы қаржыландыру жылына ТМККК шеңберінде медициналық қызметтердің көлемдерін орналастыру (орналастырмау) туралы шешімді медициналық қызметтерді сатып алу жоспарының негізінде

МӘМС туралы заңның 34-бабының 3-тармағында, осы Қағидалардың 48-50, 52-53-тармақтарында көрсетілген талаптарды ескере отырып, қабылдайды.

57. Ағымдағы жыл ішінде бекіту науқанын өткізу кезеңін қоспағанда, ағымдағы қаржы жылына ТМККК және (немесе) МӘМС көрсетуге шарт жасасқан қызметтер берушілер арасында және (немесе) медициналық қызметтерді сатып алу жоспарының шегінде дерекқордан алынған жана денсаулық сақтау субъектілерін тарта отырып, осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфына сәйкес қызметтер берушіні таңдау рәсімі мынадай:

1) орналастырылмаған көрсетілетін қызметтер көлемі болған;

2) ТМККК көрсететін денсаулық сақтау субъектілері арасында босаған медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдері болған;

3) ағымдағы қаржы жылы медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары өзгерген жағдайларда жүргізіледі.

58. Комиссия ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру рәсіміне жіберілген ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдеріне өтінімдерін құжаттарды қайта қабылдаудың соңғы күннен кейін күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

59. Комиссия ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде ақпараттық жүйелерде қолжетімді деректерді, сондай-ақ қолжетімді ақпараттық жүйелерде болмаған жағдайда денсаулық сақтау субъектілерінен, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан қосымша сұрау сұрату арқылы алынған мәліметтерді пайдаланады.

Жоспарланған көлемдерге арналған өтінімді ұсыну мерзімі өткеннен кейін жетіспейтін құжаттармен толықтырумен, құжаттарды ауыстырумен байланысты сұрау салуға жол берілмейді.

Комиссия мүшелерінің бұрын қормен шарт жасаспаған денсаулық сақтау субъектілеріне жоспарланған көлемдеріне арналған өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес өндірістік базаларының, медицина қызметкерлерінің және медициналық техникасының болуы мәніне баруына жол беріледі.

60. Комиссияның шешімі бойынша ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде тәуелсіз сарапшылар, денсаулық сақтау саласындағы бейінді мамандар (бұдан әрі - сарапшылар) тартылады.

Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшы қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

61. Сараптамалық қорытындыны комиссия өтінімдерді бағалау және салыстыру, медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін орналастыру кезінде қарайды.

62. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде:

1) ТМККК шеңберінде Денсаулық туралы кодекстің 34-бабының 5-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектілері;

2) МӘМС жүйесінде МӘМС туралы заңның 34-бабының 2-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектілері басымдыққа ие болады.

63. Денсаулық сақтау субъектілері арасында медициналық көрсетілетін қызметтер көлемдерін бөлуді комиссия:

1) денсаулық сақтау субъектілерінің өндірістік қуатын;

2) медициналық көрсетілетін қызметтерді және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін сипаттайтын деректерді ұсыну тәжірибесін;

3) келісімшарттық міндеттемелерін, оның ішінде қызметтерді сатып алу шарттары бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторингтеу нәтижелерін;

4) осы денсаулық сақтау субъектісінің штат санына кіретін мамандардың қызметтерді орындауын, олардың саны медициналық қызметкерлердің жалпы санының кемінде жетпіс бес пайызын құрайды;

5) үлкен тәжірибесі және ЖТМҚ ұсыну қағидаларына сәйкес уәкілетті органның қорытындысы берілген өтінімде көрсетілген орындалған қызметтер саны көп білікті мамандардың болуын(ЖТМҚ-ға өтінім берген кезінде);

6) денсаулық сақтау субъектілерінде медициналық көмектің сапасы мен алдыңғы жылғы қолжетімділігіне негізделген шағымдардың жоқтығын;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10735 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттеудің анағұрлым жоғары санатының болуын (тең жағдайларда);

8) емдеу және диагностикалық қызметтерді жүргізу үшін медициналық бұйымдардың (денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының аумағында орналасқан медициналық техниканың) болуын;

9) мерзімі өткен салық, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен МӘМС-ке аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқтығын;

10) жергілік атқарушы органдардың медициналық көмектің түрлері мен нысандары бойынша жаңа қызметтер берушілердің қызметтеріне қажеттілік (немесе қажеттіліктің болмауы) туралы ұсыныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 63-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Комиссияның осы Қағидалардың 55-тармағының екінші, үшінші, төртінші, бесінші бөліктерінде көрсетілген рәсімдер жүзеге асырылғаннан кейін денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланған көлемдеріне өтінімдерін кері қайтаруы үшін негіздемелер:

1) МӘМС туралы заңның 34-бабының 3-тармағында, осы Қағидалардың 48-50, 52-53-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) денсаулық сақтау субъектілерінің Денсаулық туралы кодекспен және денсаулық сақтау саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленген медициналық көмекті ұйымдастыру талаптарына сәйкес келмеуі;

3) денсаулық сақтау субъектілерінде қатысуға арналған өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша өндірістік базаның, техниканың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін қажетті медицина қызметкерлерінің болмауы;

4) денсаулық сақтау субъектісінің сатып алуды өткізу күнінің алдындағы он екі ай ішінде қор ұсынған қызметтерді сатып алу шартына қол қоюдан бас тартуы;

5) объектінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 357 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15760 болып тіркелген) бекітілген "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланған көлемдерге өтінімдерінен бас тартылған жағдайда, ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналасатыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамада денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме көрсетіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланған көлемдерге өтінімдерінен бас тартылған жағдайда ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС

жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамаға комиссияның болған мүшелері қол қойған денсаулық сақтау субъектісіне бару актісі қоса беріледі.

65. Комиссия осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындысы туралы хаттама түрінде (бұдан әрі – медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру хаттамасы) шешім қабылдайды.

66. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемдері орналастырылмаған денсаулық сақтау субъектілері осы Қағидалардың 34-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, дерекқордан шығарылмайды.

67. Денсаулық сақтау субъектісінің немесе сенімхат бойынша оның өкілінің сұрауы бойынша қор бес жұмыс күнінің ішінде оның берілгені туралы тіркей отырып медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру хаттамасынан үзінді көшірмені береді.

67-1. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін веб-портал арқылы орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру хаттамасы қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ДСМ АЖ) сатып алу шарттарын жасасу үшін автоматты түрде беріледі.

Денсаулық сақтау субъектісіне медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру хаттамасынан үзінді көшірме автоматты түрде жіберіледі.

Ескерту. 67-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасу тәртібі

68. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу қор бекіткен үлгілік нысан бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру хаттамасының негізінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау субъектісі сатып алу шартын жасасу кезінде уәкілетті органмен келісім бойынша қор бекіткен ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмектің түрлері (нысандары) бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қосылу шартына қосылған болып есептеледі. Көрсетілген қосылу шарты қордың интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда орналастырылады.

Ескерту. 68-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Комиссияның шешімі бойынша:

1) бір жылдан бастап үш жылға дейінгі мерзімге осы әкімшілік-аумақтық бірлікте жалғыз қызметтер беруші болып табылатын ауыл субъектілерімен және МСАК субъектілерімен;

2) үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарына сәйкес іске асырылатын денсаулық сақтау субъектілерімен;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарына сәйкес сатып алынған медициналық техниканы пайдалана отырып, диагностикалық және емдеу қызметтерінің жекелеген түрлерін көрсетуге ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасауға рұқсат беріледі.

Бұл ретте медициналық қызметтерді сатып алу шарттарының сомаларын анықтау жыл сайын жүзеге асырылады.

Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Алдағы жылға арналған медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімі ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

71. ТМҚҚК шеңберінде қызметтерді сатып алу шартының жобасын және МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шартының жобасын қор медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру қорытындылары шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектісіне жібереді.

72. Денсаулық сақтау субъектісінің шартты кейіннен қорға ұсынуымен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын келісу және қол қою мерзімі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды.

72-1. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін веб-портал арқылы орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасын қор ДСМ АЖ арқылы денсаулық сақтау субъектісіне ДСМ АЖ-ға медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыру хаттамасы келіп түскен күннен кейін он жұмыс күні ішінде жібереді.

Денсаулық сақтау субъектісі ДСМ АЖ арқылы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын келіседі және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Ескерту. 72-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Денсаулық сақтау субъектісі осы Қағидалардың 72 және 72-1-тармақтарында көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қол қоймаған жағдайда, денсаулық сақтау субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасудан жалтарды деп танылады, ал осы шарт бойынша көзделген ТМККК және (немесе) МӘМС жүйесіндегі көлем орналастырылмаған көлемге жатқызылады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Қызметтерді сатып алу шартын көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының тізілімінде тіркеу шарттың бірегей кодын бере, өңірлердің және көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектілерінің деңгейлерін нөмірлеу арқылы автоматты түрде электронды немесе қағаз форматында жүзеге асырылады.

75. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасқан қызметтер берушілердің тізімі әрбір айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың интернет-ресурсында орналастырылады және актуалдандырылады.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.11.2019 № ҚР ДСМ-145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Денсаулық сақтау субъектілері көрсетілетін қызметтердің бір бөлігін орындау үшін осы Қағидалардың 78-тармағының үшінші бөлігінде көзделген

жағдайларды қоспағанда, олардың өндірістік базаларының немесе өкілдігінің (филиалының) өндірістік базасының орналасқан жеріне қарамастан дерекқорға енгізілген бірлесіп орындаушылармен шарттарды жасасады.

Қордың қызметтер берушісі бірлесіп орындаушыларды таңдау кезінде осы Қағидалардың нормаларын басшылыққа алуы тиіс.

Қызметтерді көрсетушінің тең орындаушыны таңдауы осы тең орындаушы дерекқорда болған кезде қормен келісілген болып есептеледі.

Егер қордың шешім қабылдауға құқығы бар лауазымды тұлғасы (не оның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жұрағаты) құрылтайшы, қатысушы немесе акционер болып табылса денсаулық сақтау субъектілеріне бірге орындауға рұқсат етілмейді.

77. Бірлесіп орындаушы ретінде дерекқорға енгізуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері медициналық ұйым мен дәрігерді еркін таңдау құқығын іске асыру кезінде МСАК дәрігерінің немесе осы денсаулық сақтау субъектісінің бейінді маманының көрсетілімдері мен жолдамасы болған жағдайда ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

Егер МСАК субъектісі мен таңдалған ҚДК ұйымының арасында оны бірлесіп орындаушы ретінде тартуға көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты жасалмаса, онда МСАК дәрігерінен немесе осы денсаулық сақтау субъектісінің бейінді маманынан жолдама МСАК қызметтер берушісі мен бірлесіп орындаушы ретінде дерекқорда тұрған ҚДК ұйымы арасында шарт жасау үшін негіз болып табылады.

Қормен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан қызметтерді көрсетуші бірлесіп орындаушыға денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне қолжетімділікті беру үшін бірлесіп орындаушымен жасалған шартты қоса бере отырып, қорға хабарлама жібереді.

78. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсету кезінде медициналық көмектің мынадай нысандары мен түрлері бойынша қызметтер берушінің бірлесіп орындаушымен шарт жасасуына:

1) мыналарды:

МСАК мамандарының қызметтерін (жалпы практика дәрігері, учаскелік терапевт дәрігер (педиатр), учаскелік мейіргер (жалпы практика мейіргері), фельдшер, акушер);

иммундауды, отбасын жоспарлауды, диспансерлеу мен динамикалық байқауды, жүкті әйелдерді, балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелердің патронажын, әлеуметтік-психологиялық консультация беруді;

профилактикалық қызметтер: халықтың нысаналы топтарын скринингтік қарап-тексеру кезінде консультациялық-диагностикалық қызметтерді қоспағанда,

профилактикалық қарап-тексерулерді қамтитын МСАК нысаны бойынша дәрігерге дейінгі, білікті медициналық көмек;

2) ЖТМҚ көрсету, оның ішінде сүйек кемігі және (немесе) гемопоздтік дің жасушалары донорын іріктеу және жандандыруды жүзеге асыру кезінде сүйек кемігі және (немесе) гемопоздтік дің жасушалары донорын зерттеп-қарау кезінде қажетті, Қазақстан Республикасында ұсынылмайтын КДҚ-ның жекелеген түрлерін көрсетуді қоспағанда, ЖТМҚ көрсету;

3) амбулаториялық гемодиализ және перитонеалдық диализ сеанстары, осы көмекті көрсету оған көлемдерді орналастыру үшін негіз болып табылған жағдайда;

4) осы көмекті көрсету оған көлемдерді орналастыру үшін негіз болып табылған жағдайда стационарлық, стационарды алмастыратын көмек көрсетуге рұқсат етілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігімен қарастырылған қызметтер көрсету кезде медициналық қызметтер көлемдерін қызметтер берушіге орналастыру үшін негіз болып табылмайтын консультациялық-диагностикалық және емдеу іс-шараларының кейбір түрлерін көрсетуге қызметтер берушіге бірлесіп орындаушымен шарт жасасуына рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасында ұсынылмайтын медициналық қызметтердің жекелеген түрлерін көрсету қажет болған жағдайда қызметтер беруші бірлесіп орындаушылар ретінде шетелдік денсаулық сақтау субъектілерін тартады.

Дерекқорға енгізілмеген бірлесіп орындаушылар ретінде шетелдік денсаулық сақтау субъектілерін тарту қордың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Қормен келісу үш жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады және қордың шешімі бойынша бейінді мамандар тартылады.

79. Қызметтер берушінің бірлесіп орындаушыларды тартуы қызметтер берушіні көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша міндеттемелерден және оны орындамағаны, тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

80. Қазақстан Республикасының ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алумен байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңнамасының нормаларын өзгерту мен толықтыру кезінде қызметтерді сатып алу шартының қолданысы осы құқық нормаларына сәйкестікке келтіріледі. Бұл ретте қызметтерді сатып алу шартының қолданысы осындай өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленбесе тоқтатылады немесе өзгертіледі.

4-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау тәртібі

81. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау:

1) медициналық қызметтер көрсету және сатып алу шартының талаптарын сақтау арқылы денсаулық сақтау субъектілерінің;

2) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді мониторингтеу мен медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылаудың нәтижелерін ескере отырып, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу арқылы қордың шарттық міндеттемелерді орындауын қамтиды.

82. Қордың денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілген қызметтеріне ақы төлеуі және медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерін мониторингтеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 138 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына және Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16685 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

83. Қызметтер беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау кезінде деректерді денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелері мен электрондық ақпараттық ресурстарына деректер енгізуді және оларды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

84. Шетелдік денсаулық сақтау субъектілері Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызметтерді көрсету үшін ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау субъектілерімен тең жағдайларда көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысады.

85. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алумен байланысты мәселелерді шешу үшін қордың жанында қор, уәкілетті орган, "Атамекен" ҰКП мен медициналық көрсетілетін қызметтерді

тұтынушылар мен денсаулық сақтау субъектілерінің мүдделерін білдіретін ҮЕҰ өкілдерінің ішінен тұрақты іс-қимыл жасайтын қордың апелляциялық комиссиясы құрылады.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАҚ-қа (филиалға)

(қордың (филиалының) атауы және орналасқан жері)

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосуға арналған өтінім*

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосылуға үміткер заңды (жеке) тұлға туралы мәліметтер:

денсаулық сақтау субъектісінің заңды, пошталық және электрондық мекенжайы, байланыс телефондары _____

_____;
ЖСН (жеке тұлға үшін) _____;

денсаулық сақтау субъектісінің деректемелері (БСН, ЖСК)
_____;

денсаулық сақтау субъектісіне қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы;

денсаулық сақтау субъектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2. Мыналар (керегі көрсетілсін):

- медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі (қызметтер беруші);

- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарттың негізінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін көрсетуге үміткер бірлесіп орындаушы ретінде

___ жылға арналған медициналық қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес медициналық көмектің/қызметтің мынадай түрі(-лері)/нысандары

3. Көрсетілген медициналық қызметтер халыққа _____

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың атауы) мынадай мекенжай бойынша көрсетіледі: _____

(өндірістік база –лар)ның мекенжайы(-лары) көрсетіледі).

4. Осы өтініммен денсаулық сақтау субъектісі:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15604 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын қалыптастыру рәсіміне қатысуға ниетін;

Денсаулық сақтау субъектісінің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын өзі туралы мәліметтерді алуға келісімін білдіреді.

5. Осы өтініммен денсаулық сақтау субъектісі Қағидаларда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосу үшін денсаулық сақтау субъектілеріне/бірлесіп орындаушыларға қойылатын талаптарды бұзушылықтардың жоқтығын және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растайды.

6. Осы өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі (тек қоса берілетін құжаттар көрсетілсін):

- 1) _____ парак;
- 2) _____ парак;
- 3)

_____ / _____

_____ (денсаулық сақтау субъектісі/бірлесіп орындаушы басшысының немесе оның уәкілетті

тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

*- сатып алу шарты бойынша ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық субъектісі және (немесе) ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін көрсетуге үміткер бірлесіп орындаушы толтырады.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
элеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
медициналық қызметтер
көрсетуге үміткер денсаулық
сақтау субъектілерінің
дерекқорына қосуға
арналған өтінімге
қосымша
Нысан

Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін жүргізуге уәкілетті жауапты адамдар туралы мәліметтер

_____ (денсаулық сақтау субъектісінің атауы)

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазымы	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Ақпараттық жүйенің атауы
1	2	3	4	5

Басшы немесе оның уәкілетті тұлғасы _____

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Тегін медициналық көмектің

кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосуға арналған өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15604 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының _____ тармағының (тармақтың нөмірін көрсету қажет) негізінде _____ (қабылдамау себебін көрсету қажет) байланысты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосуға арналған өтінімді қабылдамау туралы хабарлайды

Қор (атауы) филиалының басшысы немесе оның уәкілетті тұлғасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөрдің орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
3-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қоса арналған өтінімдерді тіркеу журналы

